

## **Федоров ауданы Камышин ауылдық округінің Чистый Чандак ауылының құрамдас бөлігін қайта атау туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Камышин ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 7555 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Федоров ауданы Камышин ауылдық округі Чистый Чандак ауылы халқының пікірн ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 4 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Камышин ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Федоров ауданы Камышин ауылдық округі Чистый Чандак ауылының Ленин көшесі Астана көшесіне қайта аталсын.

2. "Федоров ауданы Камышин ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жариялағанынан кейін Федоров ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*С. Беккалиев*